

✓ «Алтын Алқа және Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ 1 және 2 жәрежелі «Аңа даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар;

✓ Мүгедектер;

✓ Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі оқу бөлімінде оқуын аяқтаған адамдар;

Қазақстанның азаматтарының көптеген сұрақтарының қойылуы, әрине 25 жыл тәуелсіз алғаннан кейінгі жылдарда еліміздің сақтандыру, оның ішінде медициналық сақтандыру ашық түрде, жай жұмысшы адардың тілінде түсіндіру қажет. Қазіргі проблема бұл бұл нақты заңды дұрыс түсіндірмеу, әлі күнге дейін Қазақстан халқысы толығымен заңмен таныспаған, осыдан көп сұрақ туындауда.

Медициналық сақтандырудағы балалар, яғни қатысушысы 18 жасқа толмаған жас өспірімдер мінжетті әлеуметтік медициналық сақтандырудағы төлеушілер тізіміне кірмейді. Басқа шетелдердің денсаулық сақтау жүйесін зерделеу аясында, байқалатын зат бұл балалардың медициналық сақтандырудың субъектісі болып келеді, ал оған төлемді баланың ата-анасы төлемдер жүргізеді екен. Оған қосы Қазақстан Республикасының қорға төленетін төлемдер мен аударымдар белгіленген пайыз мөлшері анықталған, менің ойымша мұнда заңға өзгерістер енгізу қажет, себебі қазіргі экономикалық жағдайда, кризистік даму кезінде МЭМС-қа қатысушылардың бос, өзі белгіленбеген, мүмкіндігінше төлемдер жүргізу қажет, себебі әр азаматтың айлық жалақысы әр түрлі болып келеді. Заңымыз жаңа қабылданған себебінен оның нақты қандай нәтиже әкелетінін уақыт көрсетеді.

Президент– конституцияның кепілі, Конституция – мемлекеттің кепілі, Сақтандыру – бұл негізгі кепіл, ол жоғары тұрған кепілдіктердің тәуекелдерін қабылдауды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Большой словарь иностранных слов // <http://www.megaslov.ru/>

2 История страхования // <http://www.lider-in-life.com/services/history.php>

3 Р.И.Беккин.– Москва: МГИМО МФ, 2015. ст.45

4 ҚР «Міндетті әлеуметті медициналық сақтандыру туралы заңы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39131293#pos=0;152

5 ҚР Конституциясы // http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті, PhD докторы М.Н. Абыласимов

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы Қ.С. Билибаев

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 1 курс магистрі, А.М. Ағыбай

Біздің еліміздегі конституциялық іс жүргізудің өзгешелігі біріншіден, Конституциялық Кеңестің сот органы болып табылмайды, соттық емес әдістермен Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін арнайы орган болуында.

Конституциялық іс жүргізу – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіндегі іс жүргізу, кеңес қызметінің іс жүргізу формасы ретінде қарастырылады.

Конституциялық іс жүргізу көбінесе дәстүрлі сот ісіне ұқсас. Алайда, оның өзіндік түр болып бөлінуіне жеткілікті негіздер бар, олар осы іс жүргізуді реттеудің әдісі, тақырыбы мен сипаты.

Мемлекеттік механизм бөлігі бола тұрып, Конституциялық Кеңес биліктің бірде-бір тармағына біріктірілмеген. Өз өкілеттігін іске асыруда ол өзге органдардан, қоғамдық ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан өзгеше және тәуелсіз болады. Өз қызметінде республика Конституциясына ғана бағынады, саяси және басқа да себептерден шыға алмайды. Осының барлығы конституциялық іс жүргізудің қазақстандық моделінің мәні мен ерекшеліктерін анықтайды.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңы және 1996 жылғы 4

маусымдағы «Конституциялық Кеңесінің регламенті» конституциялық іс жүргізудің келесі кезеңдерін айқын анықтайды:

- Конституциялық Кеңеске өтініштерді енгізу және оларды алдын ала қарастыру;
- Кеңес отырысында қарастыру үшін істі тағайындау және дайындау;
- істі отырыста қарастыру;
- Кеңестің қорытынды шешімді қабылдауы және оның орындалуы.

Конституциялық Кеңесте қарастырылатын кез келген істің жоғарыда көрсетілген кезеңдердің барлығынан өтуі міндетті емес. Ол бірінші және екінші кезеңдерде Заңда бекітілген негіздемелер бойынша, Кеңестің бас тарту қаулысын енгізуімен аяқталуы мүмкін. Мұндай негіздемелер болып, келесілер табылады:

- өтініш нысаны мен мазмұнына сәйкес келмесе немесе тиісті субъектіден туындамаса;
- өтініштің мәні Конституциялық Кеңестің құзыретіне жатпаса;
- өтініште көрсетілген мәселенің конституциялылығын Конституциялық Кеңес бұрын тексеріп қойған болса және Конституциялық Кеңестің заңды күшін сақтайтын шешімі бар болса;
- өтініште көрсетілген мәселе Конституцияда шешімін таппаса;
- конституциялығы талас тудырып отырған акт тоқтатылған немесе күшін жойған болса.

Қазақстан Республикасының Конституциясында конституциялық іс жүргізуді қозғауға өтініш беруге хақы бар субъектілер тізімі көрсетілген, олар: Қазақстан Республикасының Президенті, Сенат Төрағасы, Мәжіліс төрағасы, өздерінің жалпы санының кемінде бестен бірі болатын Парламент депутаттары, Премьер-министр, соттар.

Іс жүргізуге қабылданған өтініш бойынша, Кеңес мүшесі Конституциялық Кеңес отырысында қарастыру үшін материалдарды дайындауды іске асырады. Келіп түскен өтініштің ерекше күрделілігіне, немесе оның айрықша маңыздылығы мен жедел қарастырылу қажеттілігіне байланысты материалдарды дайындау бірнеше мүшеге жүктелуі мүмкін [1].

Өтінішті Конституциялық Кеңес отырысында қарастыру үшін материалдарды дайындау мерзімі Төрағамен тағайындалады, бірақ Конституциялық Кеңеске келіп түскен өтініштің тіркелу күнінен бастап, бір айдан аспау керек. Бұл мерзім Қазақстан Республикасы Президентінің талабы бойынша, егер сұрақ тез арада шешілуі керек болған жағдайда, он күнге дейін қысқартылуы мүмкін

Материалдарды әзірлеу кезінде Конституциялық Кеңес мүшесі:

- конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды белгілейді, оларға осы Конституциялық заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;
- өтініштің мәніне қатысы бар қажетті құжаттар мен өзге де ақпаратты талап етіп алдырады;
- қажет болған жағдайда тиісті лауазымды адамдарға сұрау салады, ғалымдарды, практикалық қызметкерлерді мамандар, сарапшылар ретінде тартып, тексерулер, зерттеулер жүргізуді, сараптама жасауды тапсырады;
- отырыстың басталуынан кемінде екі күн бұрын Конституциялық Кеңестің мүшелеріне материалдардың көшірмелерін беруді қамтамасыз етеді;
- Конституциялық кеңес шешімінің жобасын әзірлейді.

Төрағалық етуші отырысты жүргізу үшін кворумның жеткіліктілігіне көз жеткізіп (құрамның кемінде 2/3) отырысты ашық деп жариялайды. Отырыста баяндамашы сөзі тыңдалады және конституциялық іс жүргізу қатысушыларының, мамандардың, сарапшылардың баяндамалары мен түсініктемелері тыңдалады. Конституциялық Кеңестің мүшелері конституциялық іс жүргізудің қатысушыларына сұрақ қоюға хақылы.

Заң бойынша, мәжіліс кезінде болған пайымдауларды, дауыс беру барысы мен нәтижелерін жария етуге тыйым салынады. Дауыс беру кезінде Конституциялық Кеңес төрағасы соңғы болып дауыс береді, себебі, Кеңес мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайда, төрағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады. Бұл ереже Конституциялық Кеңес төрағасы қызметін Кеңес мүшесі атқарғанда орындалмайды. Қорытынды шешіммен келіспеген Кеңес мүшесі өзінің ерекше пікіріне хақылы, пікірін жазбаша түрде білдіреді және оны Кеңес мәжілісінің хаттамасына тіркеледі [2].

Барлық сұрақтар жеткілікті айқындалғаннан кейін, төрағалық етуші қорытынды шешімді қабылдау үшін Конституциялық Кеңес мүшелерінің жабық мәжілісі туралы жариялайды.

Конституциялық іс жүргізу қазақ не орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Конституциялық іс жүргізу тілін меңгермеген тұлғалар аудармамен қамтамасыз етіледі. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдері республикалық ресми басылымдарда жарияланады.

Конституциялық процестің ерекше маңызды бөлігі болып, Парламент қабылдаған заңдардың, Республика Президенті қол қойғанға дейін Конституцияға сәйкестігін қарастыру табылады. Конституциялық Кеңестің осы функциясы ұлттық заңнаманы жетілдіруге мүмкіндік береді. Кеңес, ол

құрылған жылы Парламент қабылдаған заңдардың конституциялылығын тексеру үшін түскен екі өтінішті қарастырды.

Конституциялық процестің маңызды институт құрушы формасының бірі болып сайлау процесі табылады.

Сайлау процесін реттейтін негізгі нормалар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында бекітілген.

Заңнамада «конституциялық іс жүргізу» терминінің анықтамасы берілмейді. Менің ойымша, конституциялық бақылау органының құзыреті мен қалыптасқан пратиканы талдай келе, конституциялық іс жүргізуді Қазақстан Республикасының Конституциясын, онда бекітілген адам және адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, мемлекеттік билік органдары арасында тежемелер мен қарсылықтар жүйесімен қамтамасыз ету мен мемлекеттің құқықтық жүйесін конституциялық емес нормалардан сақтау механизмі деп қарастырған жөн [3].

Мұндай өтініштер бойынша конституциялық іс жүргізу Парламенттің заңды қабылдауы мен Президент қол қойғанша арасындағы тәуелсіз бөлім болып табылады.

Конституцияның 73 бабының 2 тармағына сәйкес, Конституциялық Кеңеске мерзім ішінде өтініш жасалған ретте заңдарға қол қою немесе Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялау тоқтатыла тұрады. Жекелеген жағдайларда, конституциялық іс жүргізу нәтижесінде, заңнамалық процесс логикалық аяқталуына жетпейді де, заңды ақырғы формасына келтіру процесі тоқтатылады. Конституцияның 74 бабының 1 тармағына сәйкес, Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға Президенттің қолы қойылмайды не, тиісінше, Парламентпен бекітілмейді және күшіне енгізілмейді.

Алайда, бұл заң шығаратын процестің конституциялық іс жүргізуді өзіне қосып алуын білдірмейді. Себебі, конституциялық іс жүргізу өзіне тән іс жүргізу спецификасына ие, институционалды ерекшелігі бар, осы ерекшелік оның Республиканың іс жүргізу құқығы жүйесінде дербестігін сипаттайды [4].

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 39 бабына сәйкес, Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерін қабылдауының келесі салдарлары болуы мүмкін:

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған республика заңдары мен халықаралық шарттарына қол қоюға не тиісінше бекітуге және күшіне енгізуге болмайды. Заңдарды конституцияға сәйкес деп тану оларға қол қою мерзімінің өтуін жаңартады. Республиканың халықаралық шарттарын ҚР конституциясына сәйкес деп тану оларды бекіту процесін жаңартады;

2. Конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер заңдық күшінен айырылады, қолданылуға жатпайды және олардың күші жойылады. Мұндай заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген соттардың және өзге құқық қолданушы органдардың шешімдері орындалуға жатпайды;

3. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Республика Президентінің сайлауы Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті сайлау учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) жарамсыз деп танылады. Президент сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған Республика Президентін тіркеуге жол береді;

4. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауы Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде және сайлау округтерінде жарамсыз деп танылады. Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауын Конституцияға сәйкес деп тану сайланған депутаттарды тіркеуге жол береді;

5. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған республикалық референдум нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының шешімімен тиісті дауыс беру учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) жарамсыз деп танылады. Өткізілген референдумды Конституцияға сәйкес деп тану референдум қорытындыларын шығаруды қайта бастауға жол береді;

6. Конституцияның 47-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес Парламенттің тиісінше республика Президентін лауазымнан мерзімнен бұрын босату туралы шешім, қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдауы алдында белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталмағандығы туралы қорытынды тиісінше Президентті лауазымынан мерзімінен бұрын босату туралы, қызметінен кетіру туралы мәселенің қаралуын тоқтатылуына әкеліп соғады. Белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы қорытынды тиісінше республика Президентін лауазымынан

мерзімінен бұрын босату туралы, республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселені қарауды жалғастыруға жол береді.

Конституциялық Кеңестің шешімін орындау үшін қолданылған шаралар туралы оған тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Конституциялық Кеңес белгілеген мерзімде хабарлайды [5].

Уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қабылданған шешім туралы Конституциялық Кеңеске міндетті түрде хабарлай отырып, Конституциялық Кеңестің шешімдерінде қамтылған заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды міндетті түрде қарауға тиіс.

Конституциялық Кеңес шешімдерін жолдау және жариялау «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 41-бабына сәйкес іске асырылады.

Осы бапқа сәйкес ҚР Конституциялық Кеңесінің қорытынды шешімдері:

1. Шешім қабылданғаннан кейін екі күн ішінде Конституцияда белгіленген өтініш жасау субъектілеріне немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ барлық реттерде Республика Президентіне, Парламенті Палаталарына, Жоғарғы Сотына, Бас Прокурорына, Әділет министріне жіберіледі;

2. Республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Өзге шешімдер, қажет болған жағдайда, Конституциялық Кеңес регламентімен белгілеген реттер мен тәртіпте жарияланады және тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесімен жүзеге асырылатын конституциялық іс жүргізудің құқықтық негіздері мен тәжірибесін жан жақты қарастыру берілген конституциялық-құқықтық институттың бағытын, конституциялық іс жүргізуді жүзеге асыру кезіндегі процессуалдық талаптары мен қатысушы субъектілер құрамын жетілдіру қажеттігін негіздеуге мүмкіндік береді [114].

Кең мағынада конституциялық іс жүргізу – конституциялық құқық нормаларымен белгіленген формаларда өтетін мемлекеттік биліктің жоғары органдарының барлық қызметі, сондай-ақ, белгілі қоғамдағы барлық конституциялық-құқықтық институттарды дамыту және жетілдіру процесі.

Тар мағынада конституциялық іс жүргізу – конституциялық-құқықтық даулар мен конституциялық құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру және шешу бойынша конституциялық бақылауды іске асыратын конституциялық соттар және квазисоттық органдардың конституциялық құқықтың іс жүргізу нормаларымен реттелген қызметі [6].

1996 ж. ақпаннан айынан бастап ҚР Конституциялық Кеңесіне 190-нан астам өтініш келіп түсті: Мемлекет басшысынан - 21 өтініш, Парламент Палаталарының төрағаларынан және олардың депутаттарынан – 77, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінен – 27, соттардан – 66 өтініш. Конституциялық Кеңес 140-тан астам нормативтік қаулы қабылдады, олардың ішінде 6 – өзінің қаулыларын қосымша түсіндіру туралы. Негізгі Заңға конституциялық новеллалар енгізілуіне байланысты (1998 және 2007 жылдар) Конституциялық Кеңес өзінің кейбір актілерін қайта қарау туралы (2004, 2007, 2008, 2011 жылдары) шешім қабылдады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Абыласимов М.Н. Конституционное производство в Республике Казахстан // Право и предпринимательство: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Караганда: РИО «Болашак-Баспа», 2013. – С. 319-321.

2 Абыласимов М.Н. Правотворческая деятельность конституционного совета Республики Казахстан // Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: сб. ст. междунар. науч. конф. – Алматы: Раритет, 2013. – С. 61-67.

3 Котов А. К вопросу о понимании правовых позиций Конституционного Совета РК // Правовая реформа в Казахстане. – 2005. – № 3. – С. 5-15.

4 Жакаева Л.С. Акты Конституционного Совета РК процессуального значения // Фемида. – 2006. – № 6. – С. 18-28.

5 Mussin K., Abylassimov M. Constitutional and legal regulation of the military policy of the Republic of Kazakhstan // Wulfenia. - 2014. - Vol 21, № 6. – P. 97-105.

6 Жакаева Л.С. Конституционный процесс в Республике Казахстан: теоретико-правовые вопросы: дис. ... док. юрид. наук: 12.00.02. – М., 2008. - 430 с.